

6  
Ф.7.03-03

**Мусаева С.Т.**

**6В03210 – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының  
дипломалды практикаға арналған  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ**

**Шымкент, 2023 ж.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ



Тарих және педагогика факультеті  
«Жалпы тарих және музей ісі» кафедрасы

Мусаева С.Т.

6B03210-Кітапхана ісі  
Білім беру бағдарламасы студенттерінің дипломалды  
практикаға арналған  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Шымкент – 2023

Құрастырушы: Мусаева С.Т., п.ғ.к. доцент.

6В03210 – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасының дипломалды практикаға арналған әдістемелік нұсқау. - Шымкент: М.Әуезов атындағы ОҚУ, 2023.- 26 б.

Әдістемелік нұсқау оқу жоспары және 6В03210 – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасына сәйкес құрастырылған, әрі білім алушыларға дипломалды практиканы өту бойынша әдістемелік нұсқаулар қажетті мәліметтер ендірілген.

**Қысқаша аннотация**

Әдістемелік нұсқау 6В03210 – «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасы білім алушылардың дипломалды практикаға арналған. Дипломалды практиканы өту бойынша әдістемелік нұсқаулар бітірушінің теориялық дайындығы, өзіндік және ғылыми-зерттеу жұмыстарын игеру машықтарының деңгейі, сонымен қатар орындалу талаптарымен бірге практикалық қорытынды және ұсыныстар қамтылған.

Әдістемелік нұсқау студенттердің дипломалды практиканы өту барысында басшылыққа алынатын негізгі ережелерді, безендіруді, тәртіптерін, есеп жұмысын орындауы мен қорғауы және тақырыптардың үлгілері көрсетілген

**Пікір беруші:** Кукеева М.К., п.ғ.к., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті «Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасының доценті

«Жалпы тарих және мұражай ісі» кафедрасы (хаттама № 5 «26» 01 2023 ж.), Тарих және педагогика факультеті әдістемелік комиссиясы отырысында қаралған және басуға ұсынылған (хаттама № 6 «26» 01 2023 ж.)

Басылымға М.Әуезов атындағы ОҚУ Оқу-әдістемелік кеңесі ұсынған, хаттама № 5 «24» 03 2023 ж.

© М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, 2023 ж.  
Шығаруға жауапты: Мусаева С.Т.

**МАЗМҰНЫ**

1 Дипломалды практиканың мақсаттары мен міндеттер .....	4
2 Дипломалды прак .иканы ұйымдастыру .....	5
3 Дипломалды практиканы өту кестесі.....	5
4 Практиканың мазмұны .....	7
5 Практика тарауларын орындау үшін нұсқаулар .....	7
6 Практика кезінде студенттердің міндеттері .....	9
7 Дипломалды практика бойынша есептік құжаттар .....	9
8 Практиканы бағалау тәртібі .....	10
9 Ұсынылған әдебиеттер тізімі .....	14
А қосымшасы.....	16
Б қосымшасы .....	19
В қосымшасы .....	22
Г қосымшасы .....	23

### 1 Дипломалды практиканың мақсаттары мен міндеттері

Диплом алдындағы практика білім алушылардың практикалық дайындығының соңғы кезеңі болып табылады, оның барысында музей, алушының көпфункционалды қызметі игеріледі. Диплом алдындағы практика ББ және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік міндетті стандартында көзделген аралық аттестаттаудың барлық түрлерін (ББМЖ) ойдағыдай меңгергеннен кейін жүргізіледі.

Бакалавриат практикасы – студенттердің практикалық даярлығының соңғы кезеңі, оның барысында олар мұражай сарапшысының көп функционалды қызметін игереді. Диплом алды практика Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (SOS HPE) көзделген ББ және аралық аттестацияның барлық түрлері сәтті әзірленгеннен кейін жүзеге асырылады.

Білім алушылардың практикасы әртүрлі білім беру және біліктілік деңгейлеріне: бакалавр, маман, магистр, PhD докторларына сәйкес практикалық білім мен іскерліктің қажетті көлемін алу кезінде оны өткізудің үздіксіздігі мен дәйектілігін көздейді.

Бұл практика барысында жұмыс оқу жоспарының барлық пәндері бойынша теориялық білім тереңдетіліп, бекітіледі, дипломдық жобаны орындау және мемлекеттік емтихандарды тапсыру үшін нақты материалдар жиналады.

Студенттердің дайындалу процесінің бітіру кезеңде дипломалды практика «Кітапхана ісі» БББ оқитындарға маңызды болып табылады. Дипломалды практика, жоғары оқу орнындағы оқу кезінде студенттің «Кітапхана ісі» білім беру бағдарламасымен байланысты барлық ғылыми жұмысының дайындық үдерісінің жалпы бөлімінің құрамдас бөлігі болып есептеледі. Кафедраның ішкі тәртібі бойынша студенттердің бітіру жұмысының дайындық деңгейі диплом алды практикадан өту кезінде көрсетіледі.

Дипломалды практиканың негізгі мақсаты - теория жүзінде алынған білім және дағдыларды жүзеге асыру, оқу үдерісі уақытында алынған және де таңдалынған ғылыми мәселе бойынша зерттеулерді практика жүзінде тексеруден өткізу, дипломдық жұмыстың қорытындысын шығару.

Диплом жұмысының жетекшісі диплом алды практиканы жетекшісі болып тағайындалады.

Жазбаша есеп негізінде практиканың қорытындысы бойынша аттестация өткізіледі, талаптармен сәйкес безендіріліп құрылған және кәсіпорыннан практика жетекшісінің пікірі жазылған есеп беру құжаттары қабылданады.

Диплом алдындағы практиканың мақсаты: білім алушылардың өзіндік шығармашылық жұмыс дағдыларын дамыту, заманауи ғылыми зерттеулер әдістерін меңгеру, тереңдетіп оқу, дипломдық (бакалавр) жұмысты орындау үшін қажетті материалдарды жинау және оңдеу.

**Диплом алдындағы практиканың міндеттері:**

- «Кітапхана ісі» бағыты бойынша функционалдық міндеттерді игеру;
- кәсіби қарым-қатынас саласында байланыстарды орнату және дамыту;

- дипломдық жұмысты орындау үшін материалдарды жинау;
- дипломдық жұмыстың тақырыбына қатысты заманауи инновациялық технологиялық, ақпараттық, басқарушылық, экономикалық және басқа да арнайы мәселелерді зерттеу;

-алған теориялық білімдерін тереңдету және кеңейту, болашақ жұмыс орындарында жұмыс істеу дағдыларын меңгеру;

- дипломдық жұмысты әзірлеумен байланысты жеке тапсырманы орындау;

-кафедраның ғылыми тақырыбына сәйкес және студенттердің ғылыми жұмыстарын жазу мен ғылыми конференцияларда сөз сөйлеу мақсатында ғылыми зерттеулерді орындау.

Диплом алдындағы практиканың мақсаты мен міндеттеріне кол жеткізу, диплом алдындағы практиканың мазмұны мен қызметін жоспарлау оқу жоспары мен білім беру бағдарламасында қарастырылған оқу, ғылыми-зерттеу жұмысы кезінде және өндірістік практикалар шеңберінде жасалған зерттеу тақырыбының арнасында бар істермен анықталады.

### 2 Дипломалды практиканы ұйымдастыру

Практиканың ғылыми-зерттеу бағыты білім алушыны дипломдық жұмысты орындауға дайындаудан, жұмыстың тақырыбын таңдау және нақтылау үрдісін ұйымдастырудан, зерттеу материалын жинақтаудан, негізгі әдебиетті жүйелеуден, жұмыстың жалпы мақсаты мен міндетін анықтаудан, жұмыстың толыққанды жоспарын құрастырудан, зерттеу жұмысты қолжазбалық нұсқада орындау бойынша ұйымдастырудан құралады. Практикаға жіберілген әрбір білім алушы диплом алды практика бойынша орнықтыру конференцияда практика бағдарламасына сәйкес жалпы және жеке тапсырма алады. Практика базаларына жіберместен бұрын орнықтыру конференциясы практиканың басталуына дейін бір жұма бұрын өткізіледі.

Онда практика бағдарламасының орындалу әдістемесі, есептік құжаттарды безендіру, практиканы өту тәртібі, мерзімі, өту орыны айтылады, практика мақсаттар мен тапсырмалары, жетекшілердің және студенттердің міндеттері, практиканы бағалау критерилері түсіндіріледі. Әр-бір студентке күнделік арналып, жеке тапсырмалар немесе бекітілген дипломдық жұмысының тақырыбы бойынша тапсырмалар беріледі.

Орнықтыру конференциясында қауіпсіздік техникасы бойынша қысқаша нұсқаулық беріледі.

### 3 Дипломалды практиканың өту кестесі

(дипломалды практиканың жалпы еңбек сыйымдылығы 8 апта)

№	Жұмыс мазмұны	Әдістер мен формалары	Есеп беру
1	Дипломалды практиканы негізгі бағытымен, міндеттерімен және мақсаттарымен танысу	-бағыт беруші конференцияға қатысу; -практиканы міндеттерімен, мақсаттарымен танысу; -дипломалды практикадан өтудің жеке жоспарын практиканы	Практиканы өтудің жеке жоспары

		жетекшісімен бірге құрастыру -практика өту орнымен танысу; ұйымның ішінде экскурсиядан өту; - зерттеу мақсатында топты таңдау;	
2	Дипломды жоба тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмысы	-қарастырылатын мәселенің теориялық анализін құрастыру; -эмпирикалық зерттеудің бағдарламалық сипаттамасын жасау; -зерттеу жұмысы бойынша алғашқы мәліметтерді жинау; - зерттеу тақырыбы бойынша диагностикалық әдістерді жинау (бақылау бағдарламасы, әңгімелесу жоспары, анкеталар, тесттер және т.б.); - зерттеу тақырыбы бойынша керекті практикалық жұмысты орындау үшін, дидактикалық материалдарды жинау; - зерттеу тақырыбы бойынша диагностикалық әдістерді апробациялау (бақылау бағдарламасы, әңгімелесу жоспары, анкеталар, тесттер және т.б.); -кітапхана мекемелерінің жұмыс бағыттарын зерттеу; -тақырып бойынша материалдарды құрыптау; -зерттеу нәтижелерінің интерпретациялары және сипаттаманың нәтижелерін шығару; - тақырып бойынша зерттеудің соңғы шешімін шығару; -жеке тапсырманың орындалуына табысты жұмыс жасау	-есепте практика бойынша өткізілген жұмыстың бейнесін жазу -ғылыми іс-шаралардың конспектісі; - жасалынған жұмыстың конспектісі; - дипломалды анализдің әдістемесі және схемасы
3	Практика бойынша мәліметтерді безендендіру және практикалық күнделікті безендіру	-кәсіпорын жетекшісінің сізге жазылған мінздемесін алу; -практика бойынша есептің дайындалуы; -дипломалды практика бойынша қорытынды конференцияда сөз сөйлеуге дайындалу	Күнделік, практика бойынша есеп
	Практиканың қорытындысын шығару	- практика бойынша қорытынды конференция	Практика бойынша есептік мәліметтерді тапсыру

#### 4 Практиканың мазмұны

Практиканың бағдарламасын орындай, студенттер дағдыларын бекітеді, алдыңғы жылдардағы оқығандары бойынша, практикалық тапсырмаларды орындау кезінде алынған, жеке талаптарға қатысты кәсіби сапалығын және әлеуметтік қызметкер дағдыларын жетілдіреді.

Кәсіби іс әрекеттің барлық түрлерін, сонымен бірге ғылыми зерттеу негізі болып табылатын практикалық бағдарлама болжауын жасайды, бұл іс студенттің дипломдық жұмысын жазуына арналған материалдарды жинау үшін керек. Ол үшін ол дипломдық зерттеу тақырыбын нақтылау керек, ол бойынша теориялық мәліметтер іздеу керек, әдістемелік зерттеу базасын анықтау керек және әдістерді таңдап, зерттеу әдістерін қолдана зерттеу жұмысын жүргізіп және бастапқы жиналған материалдармен өңдеу ісін жүргізу керек. Жұмыстың тиімділігі практика уақытын рационалды ұйымдастыруға байланысты.

Студент, практика өту кезінде базалық пәнге ғана назар аударып қоймай, сонымен бірге басқа курстар бойынша ғылыми мәселеге байланысты материалдарды салыстырмалы түрде қолдана алуы мүмкін. Сонымен қатар зерттеу тақырыбының мақсатына байланысты шетел психологиясына «шығу» қарастырылады. Практикаға барар алдында студент нақты тапсырмалар алады, ол міндетті түрде ғылыми жетекшімен келісілуі керек.

#### Дипломалды практикаға арналған тапсырмалар

1. Диплом жұмысының (жобасын) жоспарын жасау
2. Диплом жұмысының (дипломдық жоба) тақырыбы бойынша практика объектісіне қатысты материалдарды жинау (мамандығына сәйкес)
3. Дипломдық жұмысының (дипломдық жоба) мәселесі бойынша өзіндік зерттеу жүргізу
4. Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттерді оқу және оның талдауы
5. Дипломдық жұмыстың мәтінін құрастыру.

#### 5 Практика тарауларын орындау үшін нұсқаулар

2-3 жұма бұрын студенттер практиканы өту орындарына қарай үлестіріледі (ұйымдар, кәсіпорындар), мекеменің жетекшісімен бірге студенттің атқаратын жұмыс түрлері кафедралардан тағайындалған практика жетекшісінің қатысуымен анықталады, практиканы мазмұны нақтыланады, практика уақыты анықталады.

Практика барысында студенттер білімдерін белсенді қолдану керек, оқу процесінде алынған білімін практикада сауаттылықпен біліктілікпен қолдану-студентті сапалы білімді маман ретінде көрсетеді.

Дипломалды практика бағдарламасы студенттің әлеуметтік жұмыс қызметінің барлық кәсіби іс түрлерін жасауын білдіреді, ғылыми зерттеу жұмысы негізгі жұмыс аймағы болып есептеледі, себебі студент практика уақытында дипломдық жұмысты жазуға арналған материалдарды жинауға міндетті. Дипломдық зерттеу жұмысын ғылыми жетекшімен бірге нақтылау керек, міндеттері мен мақсаттарын нақты анықтау керек, жұмыстың болжамын, теориялық жағын іздестіру керек, зерттеу базасының әдістемесін анықтап,

зерттеудің әдістемесімен зерттеу жүргізіп, жиналған материалдарды алғашқы өңдеуден өткізу керек.

Дипломалды іс-практика студенттердің келесі құзыреттіліктерінің қалыптасуына бағытталған:

- Конструктивтік дағдыларының қалыптасуы (мекемеден сұранысқа сәйкес кәсіп қызметтің міндетін анықтау;

-жоспарлау және ұйымдастырушылық аспектілерде жұмыс процесін анализдеу, пішіндерін тиянақты саралау және жұмыстың әдістерін, анықтау және нәтижелік жұмысты анализдеу);

-ұйымдастырушылық дағдыларды жетілдіру (өз уақытын басқару, мекеменің жұмысына қосылу, қызмет ісін әріптестерімен бірге ұйымдастыру);

-коммуникативтік дағдысын жетілдіру (әртүрлі коммуникативтік қарым-қатынас формасын қолдана білу, барлық адамдармен жекелік және іскерлік қарым-қатынас құру);

- әлеуметтік қызметкердің негізгі қызметінің этикалық тірегін игеру (жеке адамды сыйлау, адамның құқығын сақтау, толеранттық);

-зерттеу іс-әрекеттерін орындау (нақты ұйымның нақты жұмысының практикасын оқу, мекеменің, кәсіпорын және қазіргі талаптарға сәйкес оның анализі, шығарылым квалификациялық жұмысына арналған материалдарды жинау).

Өзіндік анализ жасау және өзіндік басқару студент-практикант үшін дипломалды практика іс-әрекетінің маңыздысы болып табылады. Үнемі өзіндік басқару және өзіндік анализ жасау практика тапсырмаларының орындауына максималдық жағымды әсер тигізеді.

Өзіндік бақылау нәтижелерін студент практика күнделігінде белгілеуі керек, практика өту үдерісіндегі істердің барлығы сонда белгіленеді.

Студенттер практика қорытындысы бойынша өздерінің істеріне өзіндік анализ жасау үшін келесі сұрақтарға жауап берулері керек:

-таңдалған мамандық бойынша жұмыс істеуге дайынсыздар ма?

-практика барысында сіздер қандай жаңа нәрсе үйрендіңіздер?

-практика барысында сіздер әлеуметтік қызметкерлер маманына қандай негізгі қасиеттер керек деп ойлайсыздар?

-практика барысында сіздер қандай қызық тапсырмалар орындадыңыздар?

-практика барысында қандай қиыншылықтар туды?

-дипломдық жұмысқа материалдарды жинау кезінде сіздерде қандай қиындықтар туды?

-пайда болған қиыншылықтарды- сіздер теориялық білімнің жетіспеуімен, практикалық дағдының қалыптаспауымен, тұлғаның эмоциялық шеңберімен және мотивациялық дайынсыздықпен байланыстырасыз ба?

-практика барысында сізді қандай табыстар ерекше қуантты? Олар немен байланысты болды?

-жұмыс орнынан практика жетекші жағынан сізге қандай қарым-қатынас болды? Бұл қарым-қатынас немен байланысты болды?

-әлеуметтік қызметкерді дайындауда сіздің ойыңызша неге ерекше көңіл болу керек?

Студенттің өз ісіне анализ жасауы, практиканы жемісті не жемісті болмауы, студенттің практикаға қатысты өзіндік көз қарастары, практика ісін жетілдіруге байланысты пікірлері есеп беру кезінде өз орнын табуы тиіс.

Студентке көмек ретінде практика жетекшісі 1-2 реттен кем емес кенес беру ісін жүзеге асыру керек.

Практика аяқталған соң қорытынды конференция жүргізіледі, практика барысында студенттердің есептері, ескертулері және ұсыныстары, құжаттары анализденеді және практиканы қорытындысы жалпыланады, мінезделінеді және практиканттардың істері бағаланады.

## 6 Дипломалды практика кезінде студенттердің міндеттері

Кредиттер сағаттарында анықталған оқу практикасы өтетін апталарда студент міндетті түрде болу керек, барлық кредиттер саны - 8 құрайды, практиканы ұзақтығы 8 апта. Студент барлық жұмыстарды мезгілінде орындау керек, практикамен қарастырылған бағдарлама бойынша барлық істерді жүзеге асырып үлгеруі тиіс. Практикант ұйымның ішкі күнтізбелік ережелеріне, практиканы жетекшісі мен әкімшілік әмірлерге бағыну керек. Көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда, студент практикадан шығарып тасталуы мүмкін. Практикадан өтпеген студент, практиканы бағдарламасын өтемеген, жұмыс туралы жағымсыз пікір алған болса немесе қорғау есебінде қанағатталмаған бағаны алатын болса, онда ол қайтадан келесі академиялық кезеңде теориялық оқумен қатар немесе жазғы семестр кезіне қайтадан практика өтуге жіберіледі.

## 7 Дипломалды практика бойынша есептік құжаттар:

1. Титулдық бет

2. Дипломалды практика бойынша күнделік

3. Практика орнындағы өткізілген жұмыстың толықтай есебі мен қорытындысы

4. Қосымша материалдар

## Есепті дайындау бойынша ұсыныстар және қорытынды конференцияда ауызша сөз сөйлеу.

Практика біткен соң әрбір студент практика нәтижелері бейнеленетін есеп беруі тиіс. Есеп беруде практиканы өту мақсаты, міндеттері, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері, болжамы мен алынған нәтижелері жазылуы тиіс.

Жазбаша есеп дипломалды практиканы өту бойынша келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

*Kipicenede* практиканы тақырыбы көрсетіледі, практика орны бойынша мәліметтер көрсетіледі және өту мезгілі бойынша, мекеменің құрылымы сипатталады, бағыты және оның практикалық қызметінің сферасы жазылады

Екінші тарапта студенттің құрастырылған практика бойынша жоспарының жүзеге асырылуы бейнеленеді. Бұл бөлімде студент дипломдық жұмыстың зерттеу тақырыбы бойынша жасалған істерін толық баяндайды. Зерттеу жұмысының эксперименталды бөлігінің жүзеге асу жағдайы рет ретімен келтіріледі. Экспериментке қатысушылар мен алынған нәтижелердің өңделуі сипатталады.

Үшінші тарапта студенттің зерттеу тақырыбы бойынша алған мәліметтері талқыланады, сұрыпалады, қорытындыланады. Бұл тарауда істелген жұмыс нәтижелерінің жемісті, жеміссіз болғаны айтылады, зерттеу болжамы бойынша алынған мәліметтер талқыланады.

Диагностикалық әдістемелерден құралған пакет толықтай сипатталады, психодиагностиканың өту ерекшелігі көрсетіледі, қолданылған психодиагностикалық бланктер қосымшаға кіреді.

Практика бойынша есептің көлемі 5-7 басылым мәтіндік беттен тұру керек.

Есептің мәтіндік бөлімі ПЭВМ қолдануымен Microsoft Word 97 (Microsoft Word 2000) Windows үшін мәтіндік редакторымен орындалуы керек. Есеп А4 (210 x 297 мм) параметрлерімен бір жақ бетінде басып шығарылу керек. Беттің параметрлері келесі түрде анықталады: сол жақ алаңы – 3 см, оң жақ - 1см, төменгі – 2 см, жоғарғы – 2 см. Мәтіннің есебі Times New Roman (қарапайым), қаріпімен, өлшем - 14, интервал - 1.

Қорытынды конференцияға 5 минуттық сөз сөйлеуді дайындау керек, студент практика барысында жасалынған жұмысқа, нәтижеге қатысты өзінің ойын айтып көрсету керек. Қойылған міндеттер орыдалды ма, жаңа білімдер мен дағдылар иемделінді ме, сонымен бірге ұйымдастыру ісін жақсарту үшін өзінің тілегін айту керек.

### 8 Практиканы бағалау тәртібі

Білім алушының есебін практика жетекшісі тексереді және кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Қорытынды баға практика базасынан практика жетекшісінің бағасы ескеріліп қойылады, оның қорытынды бағадан салыстырмалы салмағы 40 % құрайды, және университет атынан жетекші ұсынған есепті қорғау бойынша бағасы ескеріле отырып қойылады, оның қорытынды бағадан салыстырмалы салмағы 60 % құрайды. Есепті қорғау нәтижелері белгіленен балдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі бойынша дифференцияланған сынақпен бағаланады.

Осыған орай:

- Сипаттауда айтылған пікір;
- Күнделіктегі жазбалардың мазмұны мен оны толтыру ұқыптылығы;
- Есеп сапасы;
- Қорытынды конференцияда сөз сөйлеу ерекше ескеріледі.

Есепті тапсыру мерзімдерін бұзғаны, дәлелсіз босатулар немесе қандай да бір тапсырмаларды орындаудан бас тарту, күнделікті ұқыпсыз жүргізгені үшін бағалар әлбетте төмендетілетін болады.

### Білім алушылар білімін бағалау критерийлері

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдың сандық көрсеткіші	% көрсеткіші	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Білім алушының білімін бағалау критерийлерін
A	4,0	95-100	Өте жақсы	«Өте жақсы» деген белгі, егер студент: - студент практика барысында қойылған барлық негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізді; - студент практика жоспарын және барлық қажетті тапсырмаларды орындады; - студент тапсырмаларды орындауға шығармашылықпен келді; - студент берілген тапсырмалар бойынша толық есеп беру құжаттарын ұсынды, оларды орындауда ескертулер жоқ; - практика жетекшісі ұйымнан студенттің практикалық қызметін «өте жақсы» деп бағалады; - студент практика бойынша есептік құжаттамамен уақытында күнделік тапсырды (практика бойынша қорытынды конференцияда); - студент практика бойынша қорытынды конференцияда "үздік" атанды
A-	3,67	90-94	Жақсы	Студент көрсетті: - іс-практиканы бағдарламасының талаптарын толық және терең орындауы; - тарих сабақтарын өтуде жоспарын дұрыс, сабақтың тақырыбын сабақтың барлық түрі бойынша жауапты толық, дәйекті, логикалы жауап беруі; - алға қойған міндеттерді еркін жетуді; - дұрыс шешім қабылдауы; - тарих пәнді оқуда арнайы әдебиеттерді қолдану дағдысы; - бағдарлама материалдарын өз бетінше жүйелей алуы; - СҒЗЖ және барлық тапсырмаларды орындауда әртүрлі тәсілдерді және дағдыларды менгеруі; - барлық тапсырмаларды уақытылы және сапалы орындауы.
B+	3,33	85-89	Жақсы	«Жақсы» белгісі егер студент болса қойылады: - студент практика барысында қойылған негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізді; - студент жоспар мен қажетті тапсырмаларды орындады, бірақ олардың орындалуында аздаған кемшіліктер мен ескертулері бар; - практика жетекшісі ұйымнан студенттің практикалық қызметін "жақсы" деп бағалады; - Есепті рәсімдеу ұқыпты, есеп қорғау кезінде студент жауап береді, бірақ кейбір дәлсіздіктер мен елеусіз қателіктер жіберілген.
B	3,0	80-84	Жақсы	Студент көрсетті: - іс-практиканы бағдарламасының талаптарын орташа деңгейде орындауы; - тарих сабағын өтуде орташа дайындық деңгейін көрсетті, іс-практиканы талаптарын орындауда анықсыздықтар байқалынуы; сабақтың барлық түрі бойынша жауабында елеусіз қателіктермен баяндауы; - оқытушының жетекшілігімен теориялық білімді қолдану дағдысы;

			<p>-практикалық тапсырмаларды орындау барысында қажетті дағдыларды қолдану;</p> <p>- пәнді оқуда ұсынылған әдебиеттерді қолдана алу дағдысы;</p> <p>-оқытушының жетекшілігімен бағдарлама материалдарын жүйелей алу;</p> <p>- барлық тапсырмаларды орындауда дағдыларды меңгеруі;</p> <p>- жіберілген қателіктерді өзбетімен түзету қабілеттілігі;</p>
В-	2,67	75-79	<p><b>Студент көрсетті:</b></p> <p>-бағдарламаның талаптарын меңгеруі;</p> <p>-елеусіз қателіктермен жауаптарды баяндап беруі;</p> <p>-оқытушының жетекшілігімен теориялық білімді қолдану дағдысы;</p> <p>-практикалық тапсырмаларды орындауда қажетті дағдыларды қолдану;</p> <p>-тарих пәнін оқытуда ұсынылған әдебиеттерді қолдана алу дағдысы;</p> <p>-оқытушының жетекшілігімен бағдарлама материалдарын қортындылап жүйелей алу;</p> <p>-оқытушының көмегімен жіберілген қателіктерді түзете білуі;</p> <p>-барлық тапсырмалар түрі бойынша жіберілген қателіктерді уақытылы жою.</p>
С-	2,33	70-74	<p><b>«Қанағаттанарлық»</b> деген белгі қойылады:</p> <p>-студент практика барысында қойылған барлық негізгі мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізе алмады;</p> <p>- студент жоспарды жартылай орындады;</p> <p>-студент барлық қажетті тапсырмаларды орындамады (тапсырмалардың 70% - ы бойынша есеп берді) және олардың орындалуында елеулі кемшіліктер мен ескертулері бар;</p> <p>-студент практикаға уақытында шықпады (1 күнге кешіктірумен);</p> <p>-практика жетекшісі ұйымнан студенттің практикалық қызметін "қанағаттанарлық" деп бағалады;</p> <p>-студент практика бойынша есептік құжаттары бар күнделік уақытында тапсырмаған;</p> <p>-студент қорытынды конференцияда "қанағаттанарлық" деген бағаға ие болды.</p>
С	2,0	65-69	<p><b>Студент көрсетті:</b></p> <p>-негізгі материалды меңгеруі;</p> <p>-барлық тапсырма түрлері бойынша жауаптардың дұрыс тұжырымдаманың толық болмауы;</p> <p>- берілген материалдарда ретсіздіктің болмауы;</p> <p>-практикалық есептерді өзбетінше орындау барысында туындайтын қиындықтардың болуы;</p> <p>- практикалық есептерді орындауда жеке тәсілдерді меңгеруі;</p> <p>-оқытушының ұсынылған әдебиеттерін қолданудағы қиындықтардың болуы;</p> <p>-бағдарлама материалдарының жеке бөлімдерін қортындылаудағы қиындықтардың болуы;</p> <p>-оқытушымен көмегімен жіберілген қателіктерді түзете білуі;</p> <p>-барлық тапсырмалар түрі бойынша жіберілген қателіктерді уақытылы жою.</p>
С-	1,67	60-64	<p><b>Студент көрсетті:</b></p> <p>- бағдарламаның талаптарын меңгеруі;</p> <p>-барлық тапсырма түрлері бойынша жауаптардың дұрыс</p>

			<p>тұжырымдаманың толық болмауы;</p> <p>- берілген материалдарда ретсіздіктің болмауы</p> <p>- практикалық тапсырмаларды өзбетінше орындау барысында туындайтын қиындықтардың болуы;</p> <p>-практикалық тапсырмаларды орындауда жеке тәсілдерді меңгеруі;</p> <p>-оқытушының ұсынылған әдебиеттерін қолданудағы қиындықтардың болуы;</p> <p>-бағдарлама материалдарының жеке бөлімдерін қортындылаудағы қиындықтардың болуы;</p> <p>-оқытушымен көмегімен жіберілген қателіктерді түзете білуі;</p> <p>- барлық тапсырмалар түрі бойынша жіберілген қателіктерді уақытылы жою</p>
Д+	1,33	55-59	<p><b>Студент көрсетті:</b></p> <p>-бағдарламаның тапсырмаларының меңгеруі;</p> <p>-барлық тапсырма түрлері бойынша жауаптардың дұрыс тұжырымдаманы түсінбеуі;</p> <p>-берілген материалдарда ретсіздіктің болмауы;</p> <p>-практикалық тапсырмаларды өзбетінше орындау барысында туындайтын қиындықтардың болуы;</p> <p>-практикалық тапсырмаларды орындауда жеке тәсілдерді меңгеруі;</p> <p>-бағдарлама материалдарының жеке бөлімдерін қортындылаудағы қиындықтардың болуы;</p> <p>- оқытушымен көмегімен жіберілген қателіктерді түзете білуі;</p> <p>-барлық тапсырмалар түрі бойынша жіберілген қателіктерді уақытылы орындамауы.</p>
Д	1,0	50-54	<p><b>Студент көрсетті:</b></p> <p>-негізгі материалдардың жеке бөлімдерін игеру қиындығы;</p> <p>-барлық тапсырмалар түрі бойынша тұжырымдамаларды түсінбеу;</p> <p>- материалдарды баяндау барысында ретсіздіктің болуы;</p> <p>-практикалық есептерді өзбетінше орындау барысында туындайтын қиындықтардың болуы;</p> <p>- практикалық есептерді орындауда жеке тәсілдерді қолдана білмеуі;</p> <p>-оқытушының ұсынылған әдебиеттерін қолданудағы қиындықтардың болуы;</p> <p>-оқытылған материалдардың жеке бөлімдерін қортындылай алмауы;</p> <p>-оқытушының көрсетілген қателіктерді түзету барысындағы қиындықтардың болуы;</p> <p>-барлық тапсырмалар бойынша жіберілген қателіктерді жөндеуді уақытылы орындамауы.</p>



FX	0,5	25-49	Канагаттанарлықсыз	«Канагаттанарлықсыз» деген белгі қойылады, егер: - студент практика барысында қойылған барлық максаттар мен міндеттерге қол жеткізе алмады; - студент барлық қажетті тапсырмаларды орындамады (тапсырманың 50% - ы бойынша есеп берді) және олардың орындалуында елеулі кемшіліктер мен ескертулері бар; - студент практикаға уақытында шықпады (1 аптаға кешіктірінін) немесе практикаға мүлдем шықпады; - практика жетекшісі ұйымнан студенттің практикалық қызметін "канагаттанарлықсыз" деп бағалады; - студент практика бойынша есеп беру құжаттары бар күнделік уақытында тапсырмаған; - студент қорытынды конференцияда "канагаттанарлықсыз" болып-бағдарлама материалын білмеуі; - барлық тапсырмалар түрі бойынша елеулі қателіктердің жіберілуі; - тапсырмаларды орындауда жеке тәсілдерді мүлдем игермеуі; - іс-практика бойынша тапсырмаларды мүлдем орындамауы
F	0	0-24		Студент көрсетеді: - бағдарламалық материалды білмеу, - тапсырмалардың барлық түрлерін орындау кезінде өрескел қателіктер жіберіледі; - тапсырмаларды орындаудың жеке тәсілдерін қолдану дағдыларының болмауы

### 9 Ұсынылған әдебиеттер тізімі

#### Негізгі әдебиет:

1. Об утверждении Правил организации и проведения профессиональной практики и правил определения организаций в качестве баз практики: Приказ МОН РК от 29.01.2016 г. №107. Зарегистрирован в Министерстве юстиции РК 4.03.2016 г. №13395.
2. Правила организации и проведения профессиональной практики обучающихся и определения организаций в качестве баз практик ЮКУ имени М.Ауэзова. СМК ЮКУ П 7.05-2020.
3. Положение о дипломной работе (проекте): Общие требования к написанию и оформлению. СМК ЮКУ П 7.34-2020 /ЮКУГ им. М.Ауэзова. – Шымкент, 2020. – 25 с.
4. Кузнецов И.Н. Основы научных исследований: Учеб. пособие.- М.: Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2013.- 284с.
5. Коротков И.Н. Менеджмент организации: итоговая аттестация, преддипломная практика и дипломное проектирование: Уч.пособие.- М.: ИНФРА-М, 2005.
6. Организации и проведения профессиональной практики обучающихся и определения организаций в качестве баз практик ЮКУ имени М.Ауэзова: СМК ЮКУ П 7.05-2020
7. Захарчук Т.В. Библиографические исследования/Т.В. Захарчук, О.М. Зусьман // Справочник библиографа. - СПб.: Профессия, 2002. - С. 478-510.
8. Крейденко В.С. Библиотечные исследования: Учеб.-метод.пособие, - М.: Русская школьная библиотечная ассоциация, 2007. - 352 с.

9. Методика исследований в библиотечной теории и практике: Сб. науч. тр.- Л., 1991. - 114 с.

10. Проблемы методологии и методики изучения библиотечной отрасли: Учеб. пособие / Науч. ред. В.С. Крейденко. – СПб., СПбГАК. 1994. – 156 с.

#### Қосымша әдебиет:

1. Библиотечные исследования: Методология и методика / Редкол. А.Н. Ванеев и др. - М.: Книга, 1978. - 248 с.
2. Ванеев А.Н. Разработка общетеоретических и методологических проблем библиотечной науки // Библиотековедение и библиографоведение: Экспресс-информация. - М., 1983. - Вып. 2 - 3. - С. 7.
3. Зусьман О.М. Научные исследования как составляющая библиографической деятельности // Мир библиографии. - 1998. - № 5. - С. 9-14.
4. Крейденко В.С. Новые научные методы для исследования библиотечной отрасли // Библиосфера. - 2012. - № 1. - С. 3-8.
5. Степанов В. Цифровые контентные ресурсы тарату жүйесіндегі кітапханалар // Кітап патшалығы. - 2014. - №2. - 48-53 б.
6. Тексебаева Н.Н. Тәуелсіздік жылдары Қазақстан Республикасы ұлттық кітапханасында сандық технологияларды қалыптастыру // Ұлттық кітапхана. - 2011. - № 2-3. - 7 – 9 б.
7. Меденова К. Кітапхана – мәңгілік елдің мәдени мұрасын дамыту мен сақтап қалудағы ақпараттық орта // Кітап патшалығы. - 2014. - №2.-51-52б.
8. Баймағамбетова Қ.Р. ҚР кітапханаларындағы жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуы: кітапханашы, библиография, кітаптану / ҚР ҰК. - Алматы, 2014. – 26 шығ. - 115 б.
9. Бердигалиева Р.А. Библиотеки Казахстана – интеллектуальный потенциал страны // Библиотеки Казахстана в информационном обществе: Сб. статей. – Астана: НАБ РК, 2007. - С. 7-16.
10. Мусабаева Г.К. Библиотечное обслуживание электронными ресурсами // Кітапхана әлемі. – 2010.- №1.- С.10-11.
11. Деректер базасы, ақпараттық-анықтамалық және іздеу жүйелері:  
- Интернет желісінің ақпараттық-іздігі жүйелері, оның ішінде Yandex;  
- отандық және шетелдік кітапханалардың Web-сайттарының электрондық каталогтары мен ресурстары;  
- ақпараттық-анықтамалық портал [www.library.ru](http://www.library.ru)  
- КонсультантПлюс Анықтамалық іздеу жүйесі <http://www.lib.ukgu.kz/ru> - М. Әуезов атындағы ОҚУ-дың АБО сайты [www.kazneb.kz](http://www.kazneb.kz)  
[www.nabr.kz](http://www.nabr.kz)  
On-Line кітапхана <http://www.allbest.ru> (ен таңдаулы кітаптардың каталогы)  
BOOKZ. RU электрондық кітапханасы - <http://www.bookz.ru>  
[www.asu.vkgu.kz](http://www.asu.vkgu.kz)

**КЕЛІСІМ ШАРТ № \_\_\_\_\_  
Кәсіптік практиканы өткізуге**

Шымкент қаласы

2022 жылғы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

Жарғы негізінде әрекет етуші Қожамжарова Дария Пернешовна Баскарма төрағасы - ректор атынан, бұдан әрі «Білім беру ұйымы» деп аталатын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамы бір жағынан, екінші жағынан бұдан әрі «Кәсіпорын» деп аталатын

(кәсіпорын, мекеменің атауы)

\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін

(құрылтайшы құжаттардың реквизиттері)

(басшысының Т.А.Ә.)

екінші жақтан Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасайды:

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

#### 1. Білім беру ұйымы

(мамандықтың шифры және атауы)

мамандығының (біліктіліктің) \_\_\_\_\_

(білім беру бағдарламаның атауы)

білім беру бағдарламасы бойынша білім алушының оқытуын жүзеге асырады.

2. Кәсіпорын күнтізбелік кестеге, кәсіптік практика бағдарламасына және басқа да нормативтік құқықтық құжаттарына сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін жағдай жасау бойынша қызметтер көрсетеді.

3. Білім алушылар өндірістік функциялар мен міндеттерді білікті орындауға мүмкіндік беретін негізгі және кәсіби құзыреттерді алу мақсатында білім беру бағдарламасын игереді.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 4. Білім беру ұйымы өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) \_\_\_\_\_ оқу нысаны бойынша

(мамандықтың шифры және атауы)

\_\_\_\_\_ мамандық бойынша оқитын білім алушылардың академиялық күнтізбеге сәйкес \_\_\_\_\_ практиканы өту мақсатында кәсіпорынға жіберу;

(практика түрі)

2) кәсіптік практиканың бағдарламасын және өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

3) кәсіпорынға кәсіптік практиканың басталуынан екі ай бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

4) білім беру ұйымының тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар арасынан практика жетекшілерін білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекіту;

5) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушылармен сақталуын қамтамасыз ету, пандемия кезінде санитарлық-эпидемиологиялық режимнің талаптарын сақтауын;

6) білім беру бағдарламасы мен академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикасына мерзімді бақылау етіп, оның дәстүрлі және қашықтықтан өтуі ұйымдастыру.

7) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практикасын ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету.

8) қажеттілік туындаған кезде кәсіпорынға білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;

9) жазатайым оқиғаларды, егер олар практиканы өту барысында білім алушының қатысуымен болған оқиғаларды тексеруге қатысу;

10) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.

11) тұрғылықты мекен-жайынан практика базасының алыс орналасуы кезінде білім алушыға көлік қызметі мен қажетті тұрмыстық және басқа жағдайлар жасау мүмкіндігін қарастыру.

#### 5. Білім беру ұйымы:

1) білім алушылардың өз еркімен оқытуды тоқтату, оқытудың қайта оқу курсына қалдырылған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белленген тәртіпте оқудан шығарылғаны кезде бір жақты тәртіппен шартты бұзуда құқылы.

#### 6. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:

1) білім алушыларға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушылардың еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу.

2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде иеленген мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін білім беру гранты негізінде оқыған түлектің кандидатурасын қарастыру.

3) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушылардың кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну.

4) осы шарттың ережелеріне сәйкес, білім алушылардың тиісті мамандықтар бойынша кәсіптік практика өтуіне жағдай жасауға;

5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыларды пайдалануға жол бермеу;

6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушылардың кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуін қамтамасыз ету;

7) білім алушылардың еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны бойынша барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;

8) білім алушылардың кәсіптік практиканың бағдарламасын толық игеру және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарда қажетті жағдай жасау;

9) кәсіптік практика аяқталған соң білім алушылардың жұмысы туралы міндеттеме беру және практикадан өту сапасын бағалау.

#### 7. Кәсіпорын:

1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу;

2) кәсіпорынның қажеттіліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсыну;

3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысу;

4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат құрастыру;

5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің күтуіне сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап ету құқылы.

### 3. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

10. Тараптар осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауаптылыққа тартылады.





Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
Тарих және педагогика факультеті  
Жалпы тарих және мұражай ісі кафедрасы

Студенттің практика бойынша  
есебі

\_\_\_\_\_ мамандығы бойынша

\_\_\_\_\_ (практика түрі)

Жеке тапсырма тақырыбы \_\_\_\_\_

Есептің бағасы

\_\_\_\_\_ (бағасы, күні)

Орындаған студент

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж., тобы)

Комиссия мүшелері

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж., қолы)

Университеттегі практика жетекшісі

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж., қолы)

Норма бақылаушы

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж., қолы)

Кәсіпорындағы практика  
жетекшісі

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж., қолы)

М.О

Шымкент 20\_\_ ж.

Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

\_\_\_\_\_ факультеті  
\_\_\_\_\_ кафедрасы

«Бекітемін»

Кафедра меңгерушісі

\_\_\_\_\_ (Т.А.Ж.)

\_\_\_\_\_ (қолы)

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

№\_\_ хаттама

\_\_\_\_\_ студенттің практика бойынша есебін қорғау  
студент \_\_\_\_\_ тобы \_\_\_\_\_

Жеке тапсырмасының тақырыбы

Қорғау кезінде төмендегі қойылған сұрақтарға жауап алынды:

Практика бағдарламасын орындау кезінде алған баллы (60-қа дейінгі) \_\_\_\_\_

Қорғау \_\_\_\_\_ баллмен (40-қа дейінгі) бағаланады. Жалпы баллы \_\_\_\_\_

Бағасы \_\_\_\_\_

Практика жетекшісі \_\_\_\_\_

Комиссия мүшесі \_\_\_\_\_

Комиссия мүшесі \_\_\_\_\_

Қорғаған күні \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.

Мусаева Суйкум Тулембаевна

6B03210-Кітапхана ісі  
Білім беру бағдарламасы студенттерінің дипломалды  
практикаға арналған  
ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ

Баспаға қол қойылды \_\_\_\_\_ .2023 ж.

Қағаз форматы ХхҮ 1/16

Типографиялық қағаз.Офсеттік баспа.Көлемі 2 б.п.

Тираж \_\_\_ дана.Тапсырыс № \_\_\_\_\_

© М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің баспасы

М.Әуезов атындағы ОҚУ баспа орталығы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5